Жоғарыда келтірілген шарттарды ескере отырып, алға қойылған міндеттерді шешу үшін жалпы тау-кен және жерасты құрылысы салалары тәжірибелердегі жерасты ғимараттарын бекітпеу технологияларына, бетон бекітпелерімен бекіту процесстері туралы келтірілген зерттеулерге мұқият талдаулар мен сараптамалар жасалды, зертханалық тәжірибелер жүргізе отырып, бетон құрамдарына, пайдаланымдық сапасына және тиімділігіне әсер ететін факторлар анықталды, аналитикалық талдаулар мен математикалық есептеу әдістері қолданылып, нақтылы шарттарға байланысты бетон бекітпелерінің технико-экономикалық көрсеткіштері жағынан тиімді болатын жаңа құрамдары жасалды.

Атап айтқанда, біз зерттеп қабылдаған бетон құрамына қосылатын үдеткіш қоспаның тиімді болатын мөлшерін анықтап қабылдау үшін зертханалық жағдайларда тәжірибелік зерттеулер жүргізілді (ҚазҰТУ, 167, 162 ТМҒ).

Зерттеу барысында үшкомпонентті (Ц:К:Ұ=1:2:1; С/Ц = 0,35÷0,45 аралығы) қоспа құрамы алынды және де оның құрамына латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасы цемент массасынан 1%, 2%, 3%, 5%, 7%, 10%, 12%, 15% мөлшерінде қабылданып, бетон үлгілері алынды. Үлгі сынақтары өлшемдері 10×10×10 см қабырғалы формада дайындалып орындалды (1-сурет). Сонымен қатар, шартты жағдайда үлгі түрінде есептегенде бетондағы цементтің мөлшері Ц=280÷380кг/м³ шамасын құрады. Бетон үлгілерінің тәуліктік өсімдері бойынша, сығылуға беріктігі Вольф аспабымен және «proceq» DIGI-SCHMIDT мен тексерілді (2-сурет). Зерттеулер нәтижелері 1-кестеде және 3-сурет гафигінде келтірілді.




1-сурет. Бетон құрамына латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасы цемент массасынан 1% (1-сынақ), 2% (2-сынақ), 3% (3-сынақ), 5% (4-сынақ), 7% (5-сынақ), 10% (6-сынақ), 12% (7-сынақ), 15% (8-сынақ) мөлшерінде қосылып жасалған бетон үлгілерінің 28 тәуліктен кейінгі көрнісі.



2-сурет. DIGI-SCHMIDT 2000 маркалы тексеру балғасымен бетон беріктігін анықтаудадағы зерттеу нәтижелері

1-кесте. Бетон құрамына латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасының тиімді болатын мөлшерін зерттеу нәтижелері.

Сынақ номерлері	Бүрікпедегі латекс үдеткіш қоспасының мөлшері, %	Бетон үлгілерінің тәуліктер өсіміндегі сығылуға беріктік шегі, МПа ($\sigma_{сығ.}$)			
		1	3	7	28
1	1	3,1	10,3	31,6	47,1
2	2	3,6	12,9	45,6	54,2
3	3	3,8	14,8	46,9	62,0
4	5	3,8	13,32	46,3	62,3
5	7	3,9	13,46	46,8	62,5
6	10	4,1	13,9	47,0	62,9
7	12	4,73	14,1	47,9	63,4
8	15	5,1	14,8	48,2	67,3



1 – бетон құрамындағы латекс үдеткіш қоспасының мөлшері - 1% қосылғанда;
 2 - 2% ; 3 - 3%; 4 - 5%; 5 - 7% ; 6 - 10%; 7 - 12% ; 8 - 15% болғанда;

1-сынақ $\sigma=13,981Ln(T) + 0,736; R^2=0,95;$
 2-сынақ $\sigma=16,54Ln(T) + 2,706; R^2=0,89;$
 3-сынақ $\sigma=18,82Ln(T) + 1,197; R^2 = 0,93;$
 4-сынақ $\sigma=18,916Ln(T) + 1,509; R^2 = 0,93;$
 5-сынақ $\sigma=18,955Ln(T) + 1,758; R^2=0,93;$
 6-сынақ $\sigma=18,968Ln(T) + 2,293 R^2=0,92;$
 7-сынақ $\sigma=18,972Ln(T) + 2,297 R^2=0,92;$
 8-сынақ $\sigma=19,971Ln(T) + 2,0124 R^2=0,94.$

3-сурет. Құрамы екікомпонентті бетонға латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасын 2%-дан 15% аралығында қосқандағы бекітпе беріктігінің тәуліктер бойына өсім көрсеткіштері

Латекс СКС-65 ГП “Б” қоспасының тиімді болатын мөлшерін анықтап зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ 1–8 аралығындағы зерттеу сынақтарының нәтижелерін салыстырғанда қоспа қосылған бетон беріктігінің тез өсетіндігін көреміз. Мысалы: 1-тәуліктен кейінгі 1-ші сынақ пен 5-ші сынақтың беріктік нәтижелерін салыстырғанда бетонның беріктігі сәйкесінше 3,1 МПа және 3,9 МПа аралығында болды, яғни 1% қоспа қосылған бетон беріктігінен (1-сынақ) 7% қоспа қосылған бетон беріктігі (5-сынақ) 1,3 есе яғни, 20%-ға жоғары. Ал 28 тәуліктен кейін 1-ші сынақ пен 5-ші

сынақтардың беріктік нәтижелерін салыстырғанда да бетонның беріктігі 1,3 есе (20%) жоғары екендігін көреміз. Сонымен қатар, 3-ші сынақ пен 8-ші сынақтардың 28 тәуліктен кейінгі беріктік көрсеткіштерін салыстырғанда 3% қоспа қосылған бетон беріктігінен (3-сынақ), 15% қоспа қосылған бетон беріктігі (8-сынақ) 1,08 есе яғни, 8%-ға ғана жоғары (1-кесте, 3-сурет). Осыдан байқағанымыздай бетон құрамына үдеткіш қоспаның мөлшерін жоғары қосқанда да бетонның беріктігі аса жоғарыламайтындығы анықталды. Яғни, бетон құрамына үдеткіш-қоспаның мөлшерін өте ұлғайта берудің де тиімділігі шамалы екенін көруге болады.

Осындай жолдармен барлық сынақтардың беріктік көрсеткіштеріне салыстырмалы талдаулар жүргізілгеннен кейін, бетон құрамына латексті үдеткіш-қоспасын 3% етіп қосудың (3-сынақ) тиімді болатыны анықталды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде күрделі тау-кен геологиялық шарттарда (орнықтылығы II категориялы таужыныстарында) салынатын жерасты ғимараттарын бетон бекітпелерімен бекітуде қолдануға тиімді болатын жана бетон құрамы жасалды. Ол, цемент, құм (3мм-ге дейінгі), ірілігі 10 мм-ге дейінгі ұсақтас (щебень), үдеткіш-қоспа латекс СКС-65 ГП “Б” (цемент массасынан 3%) және судың өзара арақатынастарынан тұрады, **Ц:Қ:Ұ:Л:С=1:2:1:0,03:0,35**.

Сонымен қатар, осы бетон бекітпелерін үлкен қысымдарға (созылымға) тұрақтылығын жоғарылату үшін оның құрамдарына - капронды фибра талшықтарын ($d \times l = 0,4 \times 32$ мм), полипропиленді фибра талшықтарын ($d \times l = 0,6 \times 35$ мм) қосуға болады. Бұл жағдай, қазба салынатын таужыныстары массивінің орнықтылығына, геологиялық шарттарына, қазбаға түсетін тауқысымдарының бағыттарына және мөлшерлеріне байланысы зерттеулер бойынша анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алменов Т.М «Жерасты қазбаларын бүрікпелетонмен бекітпелеудің технологияларын жетілдіру» Диссертация, Алматы, ҚазҰТУ, 2009ж. –149б.
2. Заславский Ю.З., Мостков В.М. «Крепление подземных сооружений». – М.:Недра, 1979-325с.

REFERENCES

1. Almenov T.M. «Zherasty kazbalaryn burikpebetonmen bekitpeleudin tehnologialaryn zhetildiru» Dissertacia, Almaty, KazUTU, 2009 zhyl – 149b.
2. Zaslavskii Yu.Z., Mostkov V.M. «Kreplenie podzemnyh sooruzhenii». – M.Nedra, 1979-325s.

Алменов Т.М., Нурханов Н.Ш., Бектұр Б.Қ., Ермахан Е.Б.

Разработка рациональных составов бетона

Резюме. В данной статье рассмотрены анализы и исследования в целях повышения эксплуатационных и адгезионных свойств бетонных крепи предложен новый состав полимербетонной смеси. Разработанные составы являются наиболее рациональными по массовым соотношением в составе бетонной смеси и позволяет достичь наиболее высоких прочностных и технико-экономических показателей при креплений подземных сооружений.

Ключевые слова: Бетонная крепь, бетон, набрызгбетон, фибробетон, заполнители, состав бетона, подземные сооружение, массив, крепления выработок.

Almenov T., Nurkhanov N., Bektur B., Ermakhan E.

The development of rational structures of concrete

Summary. On the basis of analysis and research to improve the performance and adhesion properties of the concrete lining proposed new structure of polymer concrete mixture. The compositions are most rational in weight ratio in the composition of the concrete mix and allows you to achieve the highest strength and technical and economic indicators in the fastenings of underground structures.

Key wards: Concrete lining, concrete, shotcrete, fibreconcret, placeholders, concrete composition, underground structure, array, mounting openings.

УДК:669.431.2

О.Е. Кайполдаев, Н.Р. Гусейнов, Г.А. Байгаринова, М.Ж. Буранбаев, А.Д. Мурадов
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан, oiyk@mail.ru)

УГЛЕРОДСОДЕРЖАЩИЕ ПЛЕНКИ, ПОЛУЧЕННЫЕ СОРАСПЫЛЕНИЕМ МЕТАЛЛОВ И С МАХ СТЕХИОМЕТРИЕЙ

Аннотация: Использован метод магнетронного распыления с целью получения тонких пленок углерода с металлами Ti и Al. Произведена попытка получения МАХ фазы, обладающей уникальными химическими, физическими, электрическими и механическими свойствами [1]. Были изучены скорость роста пленки, зависимость толщины пленки от времени напыления при одинаковых значениях тока и напряжения. Также проводились работы по уменьшению кислорода в составе пленки путем отжига образца в CVD камере в атмосфере водорода, а также путем удаления оксидного слоя металлов с помощью предварительного распыления подложки.

Ключевые слова: МАХ фаза, тонкая пленка, углеродная пленка, карбиды металлов, метод магнетронного распыления

Введение

МАХ фазы это тройное соединение карбида или нитрида (“Х”) с переходным металлом (“М”) и элементом А-группы который имеет гексагональную форму. Ti_2AlC , Ti_3SiC_2 и Ti_4AlN_3 это широко распространенные соединения. На данный момент известны около шестидесяти МАХ фаз и девять из них были открыты за последние пять лет. МАХ фазы вызывают интерес, благодаря своим замечательным химическим, физическим, электрическим и механическим свойствам. Эти материалы в основном наследуют характеристики металлов и керамики. К примеру, МАХ фазы не окисляются и не подвергаются коррозии, подвергаются механической обработке и имеют высокую электропроводность, а также теплопроводность. Эти свойства вытекают из нанослоистой структуры с $M_n + 1X_n$ слоями, соединенными между собой атомами элементов А-группы. Исследования МАХ фаз были ускорены с началом применения методов получения тонких пленок. Магнетронное распыление и осаждение с дуги были применены для получения монокристаллического материала с помощью эпитаксиального роста, которые дали возможность исследовать свойства материала [2].

Магнетронное распыление - технология нанесения тонких плёнок на подложку с помощью магнетрона. Процесс распыления (рис. 1).

Принцип магнетронного распыления основан на образовании над поверхностью катода кольцеобразной плазмы в результате столкновения электронов с молекулами газа (чаще всего аргон). Положительные ионы, образующиеся в разряде, ускоряются в направлении катода, бомбардируют его поверхность, выбивая из неё частицы материала.




Рис. 1. Процесс распыления материала

Покидающие поверхность мишени частицы осаждаются в виде плёнки на подложке, а также частично рассеиваются на молекулах остаточных газов или осаждаются на стенках рабочей вакуумной камеры (рис. 2).




Рис. 2. Тяжелый ион аргона (белый шарик) разгоняется в электрическом поле и выбивает атом материала (красный шарик), который высаживается на поверхности подложки, образуя на ее поверхности пленку

При столкновении ионов с поверхностью мишени происходит передача момента импульса материалу. Падающий ион вызывает каскад столкновений в материале. После многократных столкновений импульс доходит до атома, расположенного на поверхности материала, и который отрывается от мишени и высаживается на поверхности подложки. Среднее число выбитых атомов на один падающий ион аргона называют эффективностью процесса, которая зависит от угла падения, энергии и массы иона, массы испаряемого материала и энергии связи атома в материале. В случае испарения кристаллического материала эффективность также зависит от расположения кристаллической решетки[3]. Физические процессы, происходящие в материале при его бомбардировке показаны на рисунке 3.




Рис. 3. Физические процессы, происходящие в материале при его бомбардировке

Для эффективной ионизации аргона, распыляемый материал (мишень) размещают на магните. В результате эмиссионные электроны, вращающиеся вокруг магнитных силовых линий локализируются в пространстве и многократно сталкиваются с атомами аргона, превращая их в ионы.

При бомбардировке поверхности мишени ионами генерируются несколько процессов:

- ионное(катодное) распыление материала мишени;
- вторичная электронная эмиссия;
- десорбция газа;
- имплантация дефектов;
- ударная волна;
- аморфизация;

Магнетронное распыление, в отличие от обычного диодного распыления, позволяет получать высокую плотность ионного тока, а значит, и высокие скорости распыления при относительно низких давлениях порядка 0,1 Па и ниже[4].

Эксперимент

Эксперимент проводился в вакуумной среде, значения вакуума 10^{-2} Па. В качестве подложки был взят монокристалл кремния (100), Подложка подвергалась химической обработке с целью снятия кислородного слоя в 10% плавиковой кислоте в течение 5 минут. Далее промывалась в дистиллированной воде, затем следовала сушка подложки в среде аргона. В качестве мишени использовались графит, титан (99,99%), алюминий (99,9%). Рабочий газ-Ar (99,999%). Магнетронный метод - метод получения тонкой пленки. Источник питания постоянного тока: значения тока 34 мА, при напряжении 600 В. Пленки напылялись 15, 30, 60 минут. Образцы были исследованы с помощью сканирующего электронного микроскопа. Произведена оценка толщины пленок, а также элементный состав пленок. Толщина полученных пленок изменялась линейно в зависимости от времени напыления пленки: 122,4 нм, 239 нм, 507,2 нм (рис. 4).

Элементный анализ показал одинаковое массовое (Wt%) и атомное (At%) содержание всех элементов независимо от времени напыления оставалось неизменным, содержание кислорода в пленке было около 12 At% (рис. 5).






Рис. 4. Зависимость толщины пленок от времени напыления



Element	Wt%	At%
CK	6.68	19.81
OK	5.43	12.09
AlK	1.41	1.86
SiK	3.69	4.68
TiK	82.79	61.56
Matrix	Correction	ZAF

Рис. 5. Элементный анализ пленки, полученной магнетронным методом.

Кислород в полученных пленках не соответствовал стехиометрии MAX фазы. С целью уменьшения кислорода в пленке проводился отжиг полученных образцов в CVD камере в атмосфере водорода при температуре 1000°C в течении 30 минут. После этого был произведен элементный анализ который показал, что содержание кислорода в пленке оставалась неизменным. Чтобы уменьшить долю кислорода в пленке, поверхность мишеней распылялась в течение 90 минут на заслонку, с последующим напылением элементов на саму подложку. Тем самым удалось уменьшить процентное содержание кислорода в пленке более чем в два раза. Также путем увеличения площади распыляемого образца алюминия удалось получить образец с 21,36 At% содержанием алюминия (рис.6).



Element	Wt%	At%
CK	13.87	33.96
OK	2.68	4.92
AlK	19.60	21.36
SiK	1.30	1.37
TiK	62.55	38.40
Matrix	Correction	ZAF

Рис. 6. Элементный анализ пленки с предварительным распылением оксидов металлов.

Закключение

Получены тонкие пленки углерода с металлами Ti и Al. Исследованы скорость роста пленок, исследован состав пленок, а также было уменьшено процентное содержание кислорода путем удаления оксидного слоя на подложках металлов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Joseph Halim, Maria R. Lukatskaya, Kevin M. Cook, Jun Lu, Cole R. Smith, Lars-Åke Naslund, Steven J. May, Lars Hultman, Yury Gogotsi, Per Eklund, and Michel W. Barsoum, Transparent Conductive Two-Dimensional Titanium Carbide Epitaxial Thin Films.
2. Eklund, P., Beckers, M., Jansson, U., Högberg, H., & Hultman, L., The Mn+1AXn phases: Materials science and thin-film processing. Thin Solid Films 518, 1851-1878 (2010)
3. Sigmund P. Mechanisms and theory of physical sputtering by particle impact // Nuclear Instruments and Methods in Physics Research Section B Beam Interactions with Materials and Atoms. — 1987. — Vol. 27. — P. 1-20. — DOI:10.1016/0168-583X(87)90004-8

4. Behrisch R. Sputtering by Particle bombardment: Experiments and Computer Calculations from Threshold to MeV Energies / под ред. Eckstein W.. — Берлин: Springer, 2007.

Кайполдаев О.Е., Гусейнов Н.Р., Байгаринова Г.А., Буранбаев М.Ж., Мурадов А.Д.

Стехиометрия max бар металдар тең тозандату және қабақшалар мүмкіндігі алынған көміртегі бар қабақшалар

Түйіндеме: Бұл мақалада біз Ti және Al металдары бар көміртегінің жұқа қабықшаларын алу үшін, магнетронды тозандату әдісін қолдандық. Ерекше химиялық, физикалық, электрлік және механикалық қасиеттерге ие MAX фазалық материалды алуға тырыстық [1]. Кернеу мен токтың бірдей мәндері үшін, қабықшаның уақытқа байланысты өсу жылдамдығын зерттелді және қалыңдығы өлшенді. Сондай-ақ, сутегі атмосферасында, CVD камерада үлгілер оттегіні азайту мақсатпен күйдірілді. Сонымен қатар төсенішті алдын ала тозандату жолымен металл бетіндегі оксидті қабатты алу арқылы үлгінің құрамындағы оттегінің пайыздық үлесін түсірілді.

Түйінді сөздер: MAX фазалық қабықшалар, көміртек қабықшалар, металл карбидтері, магнетронды тозандату әдісі

Kaipoldayev O.E., Guseinov N.R., Baigarinova G.A., Buranbaev M.J., Muradov A.D.

The carbon-containing film obtained co-sputtering of metals and the possibility of films with stoichiometry max

Summary: In this paper we used the method of magnetron sputtering to produce thin films of carbon with metals Ti and Al. Attempted to obtain MAX phases have unique chemical, physical, electrical and mechanical properties [1]. We studied the growth rate of the film thickness dependence of the foam from the deposition time for the same values of voltage and current. Also work to reduce the oxygen in the film by annealing the sample in a CVD chamber under a hydrogen atmosphere, and by removing the metal oxide layer by first sputtering the substrate.

Key words: MAX phase thin film, carbon film, metal carbides, magnetron sputtering method

ӨОЖ 519.8

Е.А. Нысанов¹, С.Ж. Құрақбаева¹, Ғ.Ә. Бесбаев¹, Ғ.Ж. Ельбергенава¹, Р.Е. Нысанов²

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,

²Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар Достығы университеті,

Шымкент, Қазақстан Республикасы)

ТҮБІ ЖАРТЫЛАЙ ЭЛЛИПСОИДТЫ ЦИЛИНДРЛІК ФОРМАДАҒЫ СУ НЫСАНДАРЫНДА ЛАСТАНУДЫҢ ТАРАЛУЫН МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

Аннотация. Берілген мақалада түбі жартылай эллипсоидты жабық цилиндрлік формадағы су ортасында сарқынды сулармен ластану таралуының математикалық модельдеу есебі қарастырылған. Бұл есепті шешу үшін жергілікті көздер әдісі пайдаланылған. Соның ішінде, ластану көзінің су қоймасының түбіне қатысты орналасуына және су ортасының формасына тәуелді жағдайлар зерттелген. Қарастырылған үш өлшемді диффузиялық есептің сандық тәжірибесінің нәтижелері бойынша түбі жартылай эллипсоидты цилиндрлік формадағы су ортасында қоспаның таралу графиктері тұрғызылған.

Кілттік сөздер: математикалық модельдеу, ластанудың таралуы, үш өлшемді диффузиялық есеп, сандық тәжірибе, жартылай эллипсоидты форма.

Қазіргі таңда су нысандарының ластану көлемін зерттеу үшін математикалық әдістердің кең ауқымына барынша жиі сүйенеді. Зерттеу нысанында, сонымен қатар жүйелік талдауды қолдану кезінде болатын құбылыстар мен процесстердің мағыналарын дұрыс түсінгенде ғана бұл немесе басқа әдісті пайдалану тиімділігі арта түседі. Бірақ, ластанудың жергілікті көздерінен шектелген резервуарлардың көлемі бойынша таралу серпінін дәл математикалық сипаттау мәселесі осы күнге дейін жеткілікті дәрежеде зерттелмеген [1]. Бұл шекаралық шарттардың қойылымында, сонымен қатар аналитикалық шешу әдістерінде болатын белгілі математикалық қиыншылықтардың берілген есепке әсерімен түсіндіріледі.


Берілген зерттеуде [2] жұмыста ұсынылған жергілікті көздер әдісіне негізделген, жергіліктіленген қоспалардың шектелген облыс бойынша таралу серпінін модельдеу әдістемесі жасалған. Идеяның негіздемесі мен осы әдістің берілген процеске бейімділігі, біздің назарымызша, диффузиялық процесс пен сұйықтың толтырылған қабат бойынша жайылу процесінің математикалық ұқсастығында деп ұғынуға болады [3]. Нәтижеде диффузия коэффициентін, су қоймасының

өлшемдерін, сонымен қатар ластану көзінің орналасуын ескеріп, тастандыдан кейінгі белгілі уақыт аралықтарында су нысанының ластану концентрацияларын есептеу әдісі мен ластандырушы заттың жан-жаққа тарқалу көрінісін аламыз.

Біздің алғашқы зерттеулеріміз тік төртбұрышты формадағы су нысандарын зерттеуге бағытталған болатын. Бұл зерттеулердің нәтижелері [4,5] жұмыстарында көрсетілген. Шындығында, су нысаны түрлі формада болуы мүмкін. Су қоймасының формасын ескеріп, біртекті жабық ортада сарқынды сулармен ластанудың таралуын математикалық модельдеуде шекаралық шарттардың қойылымы ерекше қиындық тудырады.

Есептің қойылымы. Математикалық модельдеу және есептеу

Түбі жартылай эллипсоидты формадағы біртекті жабық цилиндрлік су ортасында судың ластану жағдайын талдауға мүмкіндік беретін үш өлшемді есепті қарастырамыз, яғни, бірден түсетін тастанды нәтижесінде цилиндрлік формадағы үш өлшемді шектелген кеңістікте ластандырушы заттардың таралу көрінісін алмақшымыз. Ластану көзінің орналасуының түрлі жағдайлары қарастырылды: су қоймасының түбі мен ортасында және түбінен біраз қашықтықта. Берілген есептің қойылымы 1(а,б) сурет түрінде бейнеленуі мүмкін.



1- сурет. Ластану көзінің мүмкін болған орналасу жағдайлары: түбінен біраз қашықтықта (а), су қоймасының ортасы мен түбінде (б)

Бұл жерде $2b$, $2a$, H су қоймасының өлшемдерін сипаттайтын көрсеткіштер (ені, ұзындығы, биіктігі); s , h , q – ластану көзінің ортасынан су қоймасының ортасына дейінгі ұзындығы, ені және биіктігі бойынша қашықтық; l – ластану көзінің параметрі (шардың радиусы); c – эллипсоидтың z координатасы бойынша жартылай осі.

Түбі жартылай эллипсоидты цилиндрлік формадағы су нысандарында ластанудың таралуын есептеу:

а) ластану көзі су нысанының түбінен біраз қашықтықта болған жағдай

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{z^2}{c^2} = 1 \quad \text{демек} \quad \frac{z^2}{c^2} = 1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2},$$

$$z = \pm c \sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}},$$

нысанның түбі төмендегі бетпен сипатталады

$$z = -c \sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}}.$$

Зерттелу облысы:

$$\left\{ \begin{array}{l} -a \leq x \leq a \\ -b \leq y \leq b \\ -c \sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}} \leq z \leq H \end{array} \right. \quad \text{сонымен бірге} \quad 1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2} \geq 0, \quad \frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} \leq 1,$$

яғни x, y – тің берілетін мәндері центрі координаталар төөбесінде, ал жартылай остері a және b болған эллипстің ішінде жатуы тиіс. Ластану көзінің ортасынан су қоймасының ортасына дейінгі ұзындығы, ені және биіктігі бойынша қашықтық $s = 0, h = 0, q = \frac{H}{2}$, м. Ластану көзінің

ұзындығы, ені, биіктігі 2ℓ , м;

б) ластану көзі су нысанының ортасында болған жағдай

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{\left(z + \frac{H}{2}\right)^2}{c^2} = 1 \quad \text{демек, нысанның түбі} \quad z = -c \sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}} - \frac{H}{2}$$

$$\left\{ \begin{array}{l} -a \leq x \leq a \\ -b \leq y \leq b \\ -c \sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}} - \frac{H}{2} \leq z \leq \frac{H}{2} \end{array} \right.$$

$$s = 0, h = 0, q = 0;$$

в) ластану көзі су нысанының түбінде болған жағдай

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} + \frac{(z-(c-\ell))^2}{c^2} = 1 \text{ демек, нысанның түбі } z = -c\sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}} + c - \ell$$

$$\left\{ \begin{array}{l} -a \leq x \leq a \\ -b \leq y \leq b \\ -c\sqrt{1 - \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}} + c - \ell \leq z \leq H + c - \ell \end{array} \right.$$

$$s = 0, h = 0, q = \frac{H}{2} + (c - \ell).$$

Су нысанында қоспаның таралуы үш өлшемді диффузия теңдеуімен сипатталады [6]:

$$\frac{\partial C}{\partial t} = D \left(\frac{\partial^2 C}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 C}{\partial y^2} + \frac{\partial^2 C}{\partial z^2} \right)$$

Жергілікті көздер әдісіне сәйкес [3, 125-128 б.] қаралатын жағдайлар үшін су нысанындағы қоспаның жалпы концентрациясы (1) формула бойынша есептеледі.

$$\begin{aligned} \tilde{C}(x, y, z, t) = & \mu(C_1(x, y, z, t) + C_2(x, y, z, t) + C_3(x, y, z, t) + C_4(x, y, z, t) + \\ & C_5(x, y, z, t) + C_6(x, y, z, t) + \gamma * C_7(x, y, z, t)) \end{aligned} \quad (1)$$

бұл жерде γ - су нысанының жоғарғы бетіндегі су арқылы қоспаның тарқалу коэффициенті; $C_1(x, y, z, t)$, $C_2(x, y, z, t)$, $C_3(x, y, z, t)$, $C_4(x, y, z, t)$, $C_5(x, y, z, t)$, $C_7(x, y, z, t)$ төмендегі формулалар бойынша анықталады:

$$C_1(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{(x-\zeta)^2 + (y-\eta)^2 + (z-\theta)^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta,$$

$$C_2(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{[2(a-s)-x-\zeta]^2 + (0-\eta)^2 + (0-\theta)^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta$$

$$C_3(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{[-2(a+s)-x-\zeta]^2 + (0-\eta)^2 + (0-\theta)^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta$$

$$C_4(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{(0-\zeta)^2 + [-2(h+b)-y-\eta]^2 + (0-\theta)^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta,$$

$$C_5(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{(0-\zeta)^2 + [2(b-h)-y-\eta]^2 + (0-\theta)^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta ,$$

$$C_7(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{(0-\zeta)^2 + (0-\eta)^2 + [2(\frac{H}{2}+q)-z-\theta]^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta .$$

$C_6(x, y, z, t)$ мәнін табу формуласының ластану көзінің орналасу жағдайларына тәуелділігін байқауға болады. $C_6(x, y, z, t)$ жалпы формуласы:

$$C_6(x, y, z, t) = \left(\frac{1}{2\sqrt{\pi \cdot D \cdot t}} \right)^3 \cdot \int_{-l}^l \int_{-l}^l \int_{-l}^l e^{-\left[\frac{(0-\zeta)^2 + (0-\eta)^2 + [-2(\frac{H}{2}-q)-z-\theta]^2}{4 \cdot D \cdot t} \right]} d\zeta d\eta d\theta , \quad (2)$$

(2) формулада ластану көзі су нысанының түбінен біраз қашықтықта болған жағдай үшін $q = \frac{H}{2}$; ластану көзі су нысанының ортасында болған жағдай үшін $q = 0$; ластану көзі су

нысанының түбінде болған жағдай үшін $q = \frac{H}{2} + (c - l)$.

Түзету μ келесі формула бойынша есептеледі:

$$\mu = \frac{S_1}{S_2} ,$$

$$\text{бұл жерде } S_1 = \int_{-1000}^{1000} \int_{-1000}^{1000} \int_{-1000}^{1000} C_1(x, y, z, t) dx dy dz ,$$


$$S_2 = \int_{-(h+b)}^{b-h} \int_{-(a+s)}^{a-s} \int_{-\frac{H}{2}-q}^{\frac{H}{2}+q} \tilde{C}(x, y, z, t) dx dy dz .$$

Су нысанының жоғарғы бетіндегі су арқылы қоспаның тарқалу коэффициентінің мәні $0 < \gamma \leq 1$ шартын қанағаттандыруы тиістігіне назар аударамыз. Диффузия коэффициенті D суда қоспаның қалай таралуын көрсетеді және оның мәні қоспаның түріне тәуелді болады.

Сонымен, $b, a, c, \frac{H}{2}, D, \gamma, l, s, h, q$ және уақыт t , координаталар x, y, z түрлі мәндерін (1) формулаға қойып, белгілі нүктеде ластандырушы заттың концентрациясын есептеу мүмкін.

Белгілі бастапқы мәліметтерде есептеу амалдарын орындап, су нысанында қоспаның таралуын сипаттайтын графиктер тұрғызу мүмкін. Мысал ретінде (Сурет 2), жоғарыда қарастырылған екі

жағдай үшін алты метр биіктіктен ластандырушы заттың таралу графиктері көрсетілген. (1), (2) формулалары бойынша есептеу бастапқы мәліметтер [7,8]: $b=10$ м, $a=12$ м, $c=6$ м, $\frac{H}{2}=12$ м, $D=0.3$, $\gamma=0.7$, $l=3$ м, $s=0$ м, $h=0$ м, $q=\frac{H}{2}$ (ластану көзі су нысанының түбінен біраз қашықтықта), $q=\frac{H}{2}+(c-l)$ (ластану көзі су нысанының түбінде) және $t=15$ с. болғанда Mathcad Prime 2.0 ортасында орындалған.



2- сурет. Ластандырушы заттың 6 м биіктіктен 15 с ішінде таралуы:

(а)- ластану көзі су нысанының түбінен біраз қашықтықта және (б) - ластану көзі су нысанының түбінде

Қорытынды:

1. Түбі жартылай эллипсоидты цилиндрлік формадағы су нысандарында ластанудың таралуын анықтайтын үш өлшемді модельдер құрылған.
2. Өндірістік мекемелердің түбі жартылай эллипсоидты цилиндрлік формадағы жабық су жүйелерінің сарқынды суларының құрамында болатын ластанушы заттардың таралуын талдау үшін үш өлшемді диффузиялық есеп шешілген.
3. Ластану көзінің орналасуының барлық мүмкін жағдайлары зерттелген: су қоймасының түбі мен ортасында және түбінен біраз қашықтықта. Ұсынылған модельдер көп критериальды, себебі оларды қолданғанда ластандырушы заттың түрі, оның параметрлері, су нысанының өлшемі мен формасы, релаксация уақыты және т.б. ескерілген.
4. Ластану көзінің орналасу жағдайын ескеріп, цилиндрлік формадағы су нысанында ластандырушы заттың таралу процесін зерттеу үшін сандық тәжірибелер өткізілген. Қарастырылған үш өлшемді диффузиялық есептің сандық тәжірибесінің нәтижелері бойынша түбі жартылай эллипсоидты цилиндрлік формадағы су ортасында қоспаның таралу графиктері тұрғызылған.
5. Жабық су нысанында ластандырушы заттың таралуының серпінділік сипаттамаларының әсері бағаланған.
6. Ұсынылған есептеу әдісі цилиндрлік формадағы су нысанының белгілі жерінде ластандырушы заттың концентрациясының мәнін, осы процеске елеулі әсер ететін уақыт және басқа параметрлерге тәуелді болған жағдайда, жеткілікті дәрежеде оңай және дәл есептеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шакиров Б.С., Куракбаева С.Д. Основные задачи и особенности математического моделирования катастрофических явлений в экологии // Наука и образование Южного Казахстана. – 2006. - №3 (52). – С. 74-77.
 2 Brenner A.M. Adaptation of random walk methods to the modeling of liquid distribution in packed columns // Advances in Fluid Mechanics IV, 2002, WIT Press, P. 291-300.
 3 Болгов Н.П., Майлибаева Л.И., Соколов Н.М., Бренер А.М., Тарат Э.Я., Еримбетов А.К. Распределение жидкости в регулярной полочной насадке, ограниченной стенками // Теоретические основы химической технологии. – 1979, С. 125-128
 4 Сахметова Г.Е., Шакиров Б.С., Куракбаева С.Д. Методология расчета распространения поверхностных загрязнений в водных объектах // Вестник КазНТУ. 2010. – №4. – С. 20-26.

5 Kurakbayeva S., Kalbayeva A., Shakirov B., Brener A. Simulation of industrial discharges relaxation impact on water bodies. Proceedings of the 1st International Conference on Hydrology and Ecology (HYEC '13), Greece, July, 2013.– P.152-156.

6 Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики., Изд. 5-е. – М.: изд. «Наука», 1977. – 736с.

7 Охорзин В.А.. Компьютерное моделирование в системе Mathcad. - М.: Финансы и статистика, 2006, 144с.

8 Hans Wesselingh and Hans de Waard. Calculate & Communicate with Mathcad Prime. VSSD, 2012.- 212p.

REFERENCES

1 Shakirov B.S., Kurakbaeva S.D. Osnovnye zadachi i osobennosti matematicheskogo modelirovaniya katastroficheskikh javlenij v jekologii // Nauka i obrazovanie Juzhnogo Kazahstana. – 2006. - №3 (52). – S. 74-77.

2 Brener A.M. Adaptation of random walk methods to the modeling of liquid distribution in packed columns // Advances in Fluid Mechanics IV, 2002, WIT Press, P. 291-300.

3 Bolgov N.P., Majlibaeva L.I., Sokolov N.M., Brener A.M., Tarat Je.Ja., Erimbetov A.K. Raspredelenie zhidkosti v reguljarnoj polochnoj nasadke, ogranichennoj stenkami // Teoreticheskie osnovy himicheskoj tehnologii. – 1979, S. 125-128

4 Sahmetova G.E., Shakirov B.S., Kurakbaeva S.D. Metodologija rascheta rasprostraneniya poverhnostnyh zagraznenij v vodnyh ob#ektah // Vestnik KazNTU. 2010. – №4. – S. 20-26.

5 Kurakbayeva S., Kalbayeva A., Shakirov B., Brener A. Simulation of industrial discharges relaxation impact on water bodies. Proceedings of the 1st International Conference on Hydrology and Ecology (HYEC '13), Greece, July, 2013.– P.152-156.

6 Tihonov A.N., Samarskij A.A. Uravnenija matematicheskoj fiziki., Izd. 5-e. – М.: изд. «Наука», 1977. – 736с.

7 Ohorzin V.A.. Komp'juternoe modelirovanie v sisteme Mathcad. - М.: Finansy i statistika, 2006, 144с.

8 Hans Wesselingh and Hans de Waard. Calculate & Communicate with Mathcad Prime. VSSD, 2012.- 212p.

Нысанов Е.А., Куракбаева С.Д., Бесбаев Г.А., Ельбергенова Г.Ж., Нысанов Р.Е.

Расчет распространения загрязнений в водных объектах цилиндрической формы с учетом полуэллипсоидной формы дна

Резюме. Методом локальных источников, решена задача распространения загрязнений сточными водами в однородной жидкой замкнутой цилиндрической формы водной среды с учетом полуэллипсоидной формы дна. Получены аналитические формулы для определения концентрации загрязняющего вещества в различных частях замкнутого водного объекта цилиндрической формы в зависимости от расположения источника загрязнения. Проведены численные эксперименты в среде Mathcad Prime 2.0. Полученные результаты позволяют провести анализ распространения загрязняющих веществ, содержащихся в сточных водах промышленных предприятий в замкнутой водной системе цилиндрической формы с учетом полуэллипсоидной формы дна.

Ключевые слова: математическое моделирование, распространение загрязнений, трехмерная диффузионная задача, численный эксперимент, полуэллипсоидная форма.

Nysanov E.A., Kurakbayeva S.D., Besbayev G.A., Elbergenova G.Zh., Nysanov R.E.

Calculation of pollution distribution in water objects of cylindrical shape with bottom of semi ellipsoidal form

Summary. Using the method of local sources, a problem of contamination spread via sewage in a homogeneous liquid closed aquatic environment of a cylindrical shape with a bottom of semi elliptical form, has been resolved. Analytical formula for determining the pollutant concentration in different parts of the water object of closed cylindrical shape, depending on the location of the pollution source, have been derived. Numerical experiments in Mathcad Prime 2.0 have been conducted. The results allow analyzing the spread of pollutants contained in the waste-water of industrial enterprises in a closed water system of a cylindrical shape with the bottom of semi elliptical form.

Key words: mathematical modeling, contamination spread, three-dimensional diffusion problem, numerical experiment, semi ellipsoidal form.

УДК 628.517.669.1

Е.Б. Утепов, Т.Е. Утепов, Г.А. Буршукова, А.Ж. Алимбетова
(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, gzzi@mail.ru)

ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ АКУСТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Андатпа. Осы жұмыста теміркөміртекті қорытпалардың дыбыс шығару қасиеті зерттелген. Демпферлеуші қорытпаларды қолдану есебінен шу мен дірілді азайту тәсілінің келешегі бар. Кәдімгі құрылымдық материалдардан жасалған бөлшектерге қарағанда, жеткілікті демпферлеуші қасиеттері бар қорытпалардан жасалған бөлшектер дірілдік және соққы жүктемелері кезінде сенімді болып табылады. Қорытпалар қалыптандыру, көміртектендіру, кейінгі шынықтыру және төменгі босандату сияқты термиялық өңдеуге жатқызылды. Қорытпалардың акустикалық қасиеттері дыбыстық қысымның деңгейі және дыбыстың бәсеңдеу жылдамдығы бойынша бағаланды. Минималды дыбыс шығару қасиетіне 3 қорытпа (111 дБА) ие. Кейінгі шынықтырумен және төменгі босандатумен қалыптандыру және көміртектендіру үрдістерінен кейін теміркөміртекті қорытпалардың дыбыс шығару қабілеті зерттелді.

Негізгі сөздер: болат, нанотехнология, демпферлеу, акустика, діріл, термиялық өңдеу, қасиеттер, жабынды.

Шуды азайтудың заманауи тәсілі болып демпферлеуші қорытпаларды қолдану табылады. Жоғары демпферлеу механизміне қатысты түрлі көзқарас баршылық. Демпферлеудің басқа физика-механикалық сипаттамалармен функционалды байланысын табу шаралары оң нәтиже бере алмайды, сондықтан демпферлеу үрдісін металдың немесе қорытпаның жеке физикалық сипаттамасы ретінде қарастыруға болады [1].

Теміркөміртекті қорытпалардың демпферлеуші қасиеттерінің химиялық құрамға тәуелділігі туралы белгілі деректер жоғары демпферлеуші қасиеттері бар легірлеуші қорытпаларды жасауға мүмкіндік береді.

Термиялық өңдеу дыбыс энергиясының диссипациясына едәуір әсер етеді [2-4].

Шу шығаратын жабдықтардың бөлшектерін жасау үшін жоғары демпферлеуші қасиеттері бар материалдарды қолданады, себебі бұл шу мен дірілді бәсеңдетуді қамтамасыз етеді. Түсті металдардан физика-механикалық сипаттамалары бойынша асып түсетін, циклдік жүктелу тәртібінде жұмыс жасайтын жабдықтардың бөлшектерін жасау кезінде кең қолданылатын теміркөміртекті қорытпалар (болат) ең үнемді болып табылады [5].

Соққы жүктемесімен жұмыс жасайтын жабдықтарды жобалау кезінде уақытша кедергі, соққы тұтқырлығы, Юнг модулі және тағы да басқа сипаттамалармен қатар, металл материалдардың демпферлеуші қасиеттерін де ескеру керек.

Кәдімгі құрылымдық материалдардан жасалған бөлшектерге қарағанда, жеткілікті демпферлеуші қасиеттері бар қорытпалардан жасалған бөлшектер дірілдік және соққы жүктемелері кезінде сенімді болып табылады. Материалдың демпферлеуші қабілеті бос тербелістердің тез бәсеңдеуін, еріксіз резонансты тербелістердегі амплитудалардың төмендеуін, материалдағы кернеудің төмендеуін қамтамасыз етеді және бөлшектің қызмет ету мерзімін ұзартады.

Демпферлеуші қорытпаларды қолдану есебінен шу мен дірілді азайту тәсілінің келешегі бар. Осы тәсілдің артықшылықтары болып басқа тәсілдермен салыстырғанда іске асыру қарапайымдылығы (себебі арнайы, күрделі діріл сіңіретін құрылғыларды қолдану қажеттілігі болмайды), демпферлеу әсерінің жиілікке тәуелсіздігі (профессор Ю.К.Фавстовтың болжамы бойынша) және бейметалдарға қарағанда температурадан аз ғана тәуелділік табылады.

Жоғары физика-механикалық және жақсы технологиялық қасиеттері үйлесетін, жасау үрдісі үнемді болатын демпферлеуші қорытпаларды құрастыру металтанушылар, металлургия және акустикалық экология, еңбекті қорғау салаларындағы мамандар үшін өзекті мәселе болып табылады.

Қорытпалардың диссипативті қасиеттеріне химиялық құрамның және термиялық өңдеудің әсері туралы ғылыми нәтижелер демпферлеуші қасиеттерге химиялық құрам едәуір әсер ететінін көрсетеді. Жұмыстың көп бөлігі жоғары температура кезінде төмен тұрақтылықпен, жоғары бағамен және негізгі құрамдас бөлшектердің жетіспеушілігімен сипатталатын темір емес қорытпаларға арналған.

Жоғары демпферлеуші қасиеттері бар қорытпаларды жасау бойынша мамандардың еңбектерінде көп жағдайда көрсеткіш ретінде логарифмдік декремент, ішкі үйкеліс, салыстырмалы

сейілу алынады. Сирек жағдайларда соғылысу кезіндегі дыбыс деңгейі, дыбыстың бәсеңдеу жылдамдығы қолданылады.

Соғылысу кезіндегі қорытпалардың демпферлеуші қасиеттеріне химиялық құрамның және термиялық өңдеудің әсеру туралы деректер болаттар мен қорытпалардың тек кейбір түрлерін ғана қамтиды.

Соққылық циклдік жүктелу тәртібінде жұмыс жасайтын бөлшектерді (поршенді сақиналар және сұққы, үлестіруші және бұрамдықты біліктер, клапандарды итергіш, копир, мотордың бөлшектері және т.б.) жасау үшін үйкеліс кезіндегі тозу шарттарында қолданылатын легірлеуші болаттардың демпферлеуші қасиеттері туралы деректер жоқ, сондықтан осы жұмыстың басты мақсаты болып аталған кемшіліктің орнын толтыру табылады.

Тәжірибелік қорытпаларды ионды-плазмалық әдіспен нанокұрылымдық жабындылауға (Ti-Al-N) ұшыратты [6].

Қорытпалардың акустикалық қасиеттері дыбыстық қысымның деңгейі және дыбыстың бәсеңдеу жылдамдығы бойынша бағаланды. Дыбыстық қысымның деңгейлері 0,5-16 кГц ауқымындағы жиіліктің октавалы жолақтарында зерттелді, ал дыбыстың деңгейі "А" шкаласы бойынша анықталды. Дыбыстық сигнал МК-102 микрофон капсулімен қабылданды. Осы сигнал электрлік сигналға түрлендіріледі де, МК-102 күшейткішпен арттырылады және Октава-101А тура импульсті шу өлшегіштің шығу жолына беріледі. Шу өлшегіштің индикаторы 0,5 дБ дәлділікпен 30-130 дБ аралығындағы дыбыстық қысымның деңгейін тіркеуге мүмкіндік береді. Дыбыстық сигналдың жиіліктік спектрін өлшеу үшін OF-101 октавалы сүзгілердің блогы арналған. PSG-101 түріндегі өзіндік жазғыштың көмегімен уақыт аралығындағы дыбыстық импульсті жазу іске асырылды. Жазба жақұт инемен қағаз таспаға түсірілді. Дыбыс тербелістерінің бәсеңдеу жылдамдығы мына формула бойынша анықталды:

$$\sigma = \frac{L_1 - L_2}{\tau} \quad (2)$$

мұнда σ - дыбыс тербелістерінің бәсеңдеу жылдамдығы, дБ/с;

L_1 – дыбыстың максималды деңгейі, дБ;

L_2 – t уақытынан кейінгі дыбыстың деңгейі, дБ.

ЗГ-10 дыбыс генераторы дыбыстық сигналдың өлшемдерін калибрлеу үшін қолданылды. Атмосфералық қысымнан дыбыстық сигналдың өзгеруіне түзету PF-101 маркалы пистонфонның көмегімен іске асырылды. Зертханадағы ауа температурасы және ылғалдылық тұрақты түрде сақталып отырды. Акустикалық өлшемдер 10 шаманың орташа мәні ретінде анықталды.

Сонымен қатар әдістемеге сәйкес эксперименттің нәтижелері математикалық өңдеуден өткізілді және оның сенімгерлік межесі анықталды [7,8].


Жұмысты бастамас бұрын өлшем жолы эталонды үлгінің дыбыстық қысымының деңгейін тексеру арқылы реттелді.

Айналу тербелістерінің әдістемесі бойынша ішкі үйкеліс пен ығысу модулін өлшеу Воронеж политехникалық институтындағы қондырғының негізінде іске асырылды [9].

1-суретте және 1-кестеде орташа геометриялық жиіліктердің октавалы жолақтарындағы қалыптандыру үрдісінен кейінгі зерттелген болаттардың дыбыстық деңгейлерінің және дыбыстық қысым деңгейлерінің орташа мәндері көрсетілген.

1-кесте. Қалыптандыру үрдісінен кейінгі зерттелген болаттардың дыбыстық деңгейлерінің және дыбыстық қысым деңгейлерінің орташа мәндері

Қорытпаның маркасы	Жиілік, Гц							А
	250	500	1000	2000	4000	8000	16000	
15ХА	52	60	59	60	74	107	109	112
20ХН	54	59	59	61	69	110	111	114
20ХФ	51	55	58	62	75	112	113	116
15ХМ	54	59	58	63	79	113	117	117
Ә-1	55	57	58	61	75	109	109	113
Ә-2	53	58	59	62	73	110	107	113
Ә-3	51	55	56	58	69	109	106	110
Ә-4	52	54	55	56	72	99	101	101



1-сурет. Қалыптандыру үрдісінен кейінгі зерттелген болаттардың дыбыстық деңгейлерінің және дыбыстық қысым деңгейлерінің орташа мәндері

2-кесте. Көміртектендіру, шынықтыру және төмен босандату үрдістерінен кейінгі зерттелген болаттардың дыбыстық деңгейлерінің және дыбыстық қысым деңгейлерінің орташа мәндері

Қорытпаның маркасы	Жиілік, Гц							
	250	500	1000	2000	4000	8000	16000	A
15ХА	51	54	58	61	73	108	109	110
20ХН	52	57	57	62	72	109	110	111
20ХФ	53	57	59	63	75	111	111	113
15ХМ	52	59	60	61	69	108	114	114
Э-1	54	55	57	60	72	106	109	109
Э-2	55	57	56	64	72	106	107	108
Э-3	56	56	55	63	71	107	108	109
Э-4	50	58	57	65	70	102	103	104

1-суреттен көретіміздей, УЗД шыңы 8000 және 16000 Гц (113-116 дБ) жиіліктерінде орналасқан. УЗД минимумы 250 Гц (51-54 дБ) жиілігінде орналасқан.

Зерттелген қорытпалардың дыбыстық деңгейлері 51-114 дБА ауқымында өзгеріп отырады.

Соғылысу кезіндегі ең көп «сыңғырлаған» дыбысты 15ХМ (114 дБА), 20ХФ (113 дБА), 20ХН (111 дБА) қорытпалары шығарады. Барлық қорытпалардан Э-4 демпферлеуші қорытпасы дыбыс деңгейінің аз шамасымен (104 дБА) және дыбыстық қысымның салыстырмалы түрдегі аз мәнімен ерекшеленеді.

Қалыптандыру үрдісінен кейінгі Э-4 (0,09% С; 0,30% Si; 0,45% Mn; 1,48% Cr; 0,51% V, қалғаны - темір) қорытпасының жоғары демпферлеуші қасиеттерінің себебі болып металдың ірі түйіршігінің пайда болу есебінен құрылымдық демпферлеу табылады.

Орташа геометриялық жиіліктердің октавалы жолақтарындағы дыбыстық қысым деңгейлерінің максимумдары да 8000 және 16000 Гц (109-111 дБ) жиіліктерінде орналасқан. Минимумдары 250-500 Гц (51-58 дБ) жиіліктерінде орналасқан.

Э-4 қорытпасы дыбыс деңгейінің (104 дБА) және дыбыстық қысым деңгейінің аз мәнімен сипатталады.

Жоғарыда аталған қорытпалар қалыптандыру үрдісімен салыстырғанда көміртектендіру, кейінгі шынықтыру және төменгі босандату үрдістерінен кейін жоғары демпферлеуші қасиеттерді көрсетеді.

Осы жұмыста кейінгі шынықтырумен және төменгі босандатумен қалыптандыру және көміртектендіру атты екі термиялық өңдеу түрінен кейін болаттың акустикалық қасиеттері зерттелді.

Барлық тәжірибелік құймалар кейінгі соғу алдындағы дайындамаларды аралық қыздыру арқылы шамамен 1200°C температура кезінде гомогендеуден кейін ыстық соғуға жатқызылды. Пластикалық деформация ұшының температурасы 900-950°C құрады. Осыдан кейін дайындамалар ашық ауада суытылды. Микроқұрылымдық талдаудың нәтижесінде барлық үлгілерде ұсақ түйіршіктердің (10 балға дейін) пайда болуы арқылы қайтакристалдану үрдісі өткені анықталды. Ыстық соғу мен қалыптандыру үрдістерінен кейін акустикалық және физика-механикалық қасиеттер сынаудан өткізілді. Акустикалық қасиеттер дыбыстың деңгейімен (дБА), сонымен қатар 0,5-16 кГц аралығындағы орташа геометриялық жиіліктердің октавалы жолақтарындағы дыбыстық қысымның деңгейімен (дБ) сипатталды. Қорытпалардың құрамын таңдау барысында жоспарланатын факторлардың шектік мәндері кезінде эксперименттік математикалық жоспарлау әдісі алынғандықтан, көміртектің құрамы (0,1 және 0,3 %) және басқа легірілеуші элементтердің құрамы бойынша қорытпалар фазалық құрамы және түйіршіктің өлшемі бойынша түрлі ерекше құрылымға ие бола алды. Сондықтан болаттардың құрылымын және физика-механикалық қасиеттерін зерттеу белгілі бір қызығушылық тудырды. Көріп отырғанымыздай, осы қорытпалардағы түйіршіктердің өлшемі 2-8 балдың (0,02-0,0007 мм²) арасында шамаланды. Э-2 және Э-4 қорытпалардың құрылымы түйіршіктің өлшемі 4,8 балл таза ферритпен келтірілді. Эвтектоидқа дейінгі болат (Э-1 қорытпасы) түйіршіктің шекарасы бойынша жіңішке цементитті торы бар өлшемі 3 балл (0,01 мм²) ірі перлитті түйіршік ретінде сипатталады. Э-4 және Э-3 қорытпаларында ферриттің ұсақ түйіршіктерімен қоршалған графит түріндегі бос көміртектің бөлінуі орын алады. Қорытпалардың жарты бөлімі айрықша жолақтылыққа ие. Осы қорытпалардағы түйіршіктердің өлшемі 3-10 балл (2-кесте) болады. Барлық қорытпалар үшін дыбыстық қысым деңгейінің жиіліктен тәуелділігін сипаттайтын қисықтардың түрлері тән. Дегенмен, көміртектің құрамы мен нысанына, түйіршіктің өлшемі мен фазалық құрамына байланысты көптеген жағдайларда ерекшеліктер байқалды.

3-кесте. Тәжірибелік болаттардағы түйіршіктің және дыбыс деңгейінің шамасы

Қорытпаның нөмірі	Қорытпаның күйі	Түйіршіктің өлшемі		Түйіршіктің балы (МЕМСТ 5639-65)	Дыбыстың деңгейі, дБА
		ауданы, мм ²	диаметрі, мм		
15ХА	қалыптандыру	0,0085	0,15	8	112
20ХН	қалыптандыру	0,0068	0,91	4	115
20ХФ	қалыптандыру	0,0088	0,12	4	116
15ХМ	қалыптандыру	0,012	0,04	3	118
Э-1	қалыптандыру	0,00053	0,031	8	113
Э-2	қалыптандыру	0,0032	0,075	6	114
Э-3	қалыптандыру	0,00084	0,035	9	111
Э-4	қалыптандыру	0,068	0,31	2	102

Дыбыс энергиясын ірі түйіршікті құрылыммен жоғары демпферлеу деңгейінің бір себебі болып, дыбыс қысымының жалпы деңгейін анықтайтын 4-16 кГц жоғары жиіліктерінде иілгіш дыбыс толқынының ұзындығы ірі түйіршікті құрылымның өлшемдерімен сәйкес келетін минималды өлшемдерге ие болатындығы табылады.

Қорытынды.

Кейінгі шынықтырумен және төменгі босандатумен қалыптандыру және көміртектендіру үрдістерінен кейін теміркөміртекті қорытпалардың дыбыс шығару қабілеті зерттелді. Түйіршік өлшемінің дыбыс шығару эффектісіне әсері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сулеев Д.К., Утепов Е.Б., Утепова А.Б. и др. Разработка сплавов с амплитуднозависимым демпфированием./Труды Международной научно-практической конференции "Естественно-гуманитарные науки и их роль в подготовке инженерных кадров". - Алматы: КазНТУ им.К.И. Сатпаева, 2002, Ч.2 – С. 353-357.

2. Фавстов Ю.К., Шульга Ю.Н. Сплавы с высокими демпфирующими свойствами. - М.: Металлургия, 1973. – 255 с.
3. Рахштадт А.Г., Фавстов Ю.К., Кочеткова Л.Н. Структурные превращения в марганцевомедных сплавах с высокой демпфирующей способностью. – *Металловед. и терм. обработка металлов*, 1973, № 2 - С. 19-23.
4. Matsukura Takashi, Tsukiji Norio, Namanaka Seich «Ниссин с сэико тихо, Nisshin Steel Techn. Rept», 1979, № 40. - P. 15-20.
5. Утепов Е.Б., Актаев Б.Г., Хохлов П.П., Утепов Б.Б. Разработка маложумных сплавов. 2-е изд. - Алматы, ТОО «Принт», 2000. – 114 с.
6. Утепов Е.Б., Сулеев Д.К., Урикбаева Г.А. и др. Применение демпфирующих наноструктурных материалов в технике борьбы с шумом и вибрацией. – Алматы, КазНТУ им. К.И. Сатпаева, 2008. – 76 с.
7. Фадеев Д.К., Фадеева В.Н. Вычислительные методы линейной алгебры. 2-е издание: Физматгиз. 1960. - 220 с.
8. Большев Л.Н., Смирнов К.В. Таблицы математической статистики. - М.: Наука, 1968. - 464 с.
9. Постников Б.С. Внутреннее трение в металлах. - М.: Металлургия, 1974. - 352 с.

REFERENCES

1. Suleev D.K., Uteпов Y.B., Uteпова A.B. etc. Razrabotka splavov s amplitudnozavisimym dempfirovaniem. /Trudy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii «Estestvenno-gumanitarnye nauki i ih rol v podgotovke inzhenernih kadrov». - Almaty: KazNTU im.K.I. Satpaeva, 2002, Ch.2 – S. 353-357.
2. Phavstov Yu.K., Shulga Yu.N. Splavy s vysokimi demphiruyushimi svoistvami. - M.: Metallurgiya, 1973. – 255 s.
3. Rahshtadt A.G., Phavstov Yu.K., Kochetkova L.N. Strukturnye prevrasheniya v margantsevomednih splavah s vysokoi demphiruyushei sposobnostyu. – *Metalloved. i term. Obrabotka metallov*, 1973, № 2 - s. 19-23.
4. Matsukura Takashi, Tsukiji Norio, Namanaka Seich «Ниссин с сэико тихо, Nisshin Steel Techn. Rept», 1979, № 40. - P. 15-20.
5. Ut eпов Y.B., Aktayev B.G., Hohlov P.P., Uteпов B.B. Razrabotka maloshumnyh splavov. 2-e izd. - Almaty, TOO «Print», 2000. – 114 s.
6. Uteпов Y.B., Suleev D.K., Urikbayeva G.A., etc. Primenenie demphiruyushih nanostrukturnih materialov v tehnikе borbi s shumom I vibratsiei. – Almaty, KazNTU im.K.I. Satpaeva, 2008. – 76 s.
7. Phadeev D.K., Phadeeva B.N. Vychislitelnie metody lineinoi algebrы. 2-e izdanie: Phizmatgiz. 1960. - 220 s.
8. Bolshev L.N., Smirnov K.V. Tablitsy matematicheskoi statistiki. M.: Nauka, 1968, 464 s.
9. Postnikov B.S. Vnutrennee trenie v metallah. - M.: Metallurgiya, 1974. - 352 s.

Утепов Е.Б., Утепов Т.Е., Буршукова Г.А., Алимбетова А.Ж.

Исследование акустических свойств сплавов

Резюме. В работе исследовано звукоизлучение железоуглеродистых сплавов. Сплавы подвергались термообработке: нормализация, цементация, с последующей закалкой и низким отпуском. Минимальным звукоизлучением обладает сплав 3 (111 дБА).

Ключевые слова: сталь, нанотехнологиз, демпфирование, акустика, вибрация, термообработка, свойства, покрытие.

Uteпов Y.B., Uteпов T.E., Burshukova G.A., Alimbetova A.Zh.

Study of the acoustic properties of the alloys

Summary: In this article investigated the acoustic behavior of iron-carbon alloys. The alloys were subjected to a heat treatment: normalization, cementation, followed by quenching and low tempering. Alloy 3 has minimum sound radiation (111 dBA).

Key words: steel, nanotechnology, damping, acoustics, vibration, heat treatment, properties and coating.

УДК 624.074.04.69

З.А. Бисмильдина

(Казахский национальный исследовательский университет имени К.И. Сатпаева,
Алматы, Республика Казахстан, anutiaz@mail.ru)

К ВОПРОСУ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ЭФФЕКТИВНЫХ СООРУЖЕНИЙ МНОГОЦЕЛЕВОГО НАЗНАЧЕНИЯ

Аннотация. Статья содержит сведения о вопросах проектировании эффективных мобильных универсальных легких сооружений многоцелевого назначения. Данные сооружения являются многофункциональными. Указаны отличительные черты строительства этих зданий: объекты разбросаны по

